



Ақмешіт

Газет • Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •
1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

■ СЕРПІН

ЖАҢҒЫРҒАН ҮЙЛЕР КӨПШІЛІККЕ ҚУАНЫШ СЫЙЛАУДА

Алашқа ана атанған Сыр өңірінде әлеуметтік әлеуетін жақсарту бағытында атқарылып жатқан жұмыс аз емес. Жеті ауданға жекелеп тоқталмасақ та бір Қызылорда қаласындағы атқарылған тірліктің ауқымы кең екенін жұртшылық жақсы біледі. Тындырмды тірліктің қатарына ескі үйлерді жаңғырту жұмыстарын қосуға болады.

Екі ғасырдан астам тарихы бар сүйікті қаламыз күн санап құлпырып келеді. Көпқабатты үйлерден құралған жаңа шағын аудандарды айтпағанның өзінде жаңғыртудан өткен үйлер де көпшілікке қуаныш сыйлауда.

Қолда бар деректерге сүйенсек, Сыр өңірінің орталық қаласында сол жағалаудағы үйлерді қоса алғанда 815 көпқабатты тұрғын үй бар. Оның ішінде 426 көпқабатты тұрғын үй жөндеуді қажет етеді. «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғыртудың 2011-2020 жылдарға арналған» бағдарламасы аясында шаһардағы тұрғын үйлер күрделі жөндеуден өткізіліп, меншік иелеріне пайдалануға беріледі. Қазіргі таңда Қызылорда қаласында 37 көпқабатты тұрғын үй күрделі жөндеуден өтуде.

Бұдан бөлек Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетіне 26 үйді жаңғыртудан өткізу үшін бюджеттік өтінім ұсынылған.

– Қала әкімінің басты тапсырмасы – сапаға мән беру әрі жұмысты уақытылы жүргізу. Тұрғын үйлерді күрделі жөндеуден өткізуші мердігер мекемелер берілген тапсырманы сапалы орындауда. Тұрғындарға қолайлы орта қалыптастыру мақсатында кей мекемелер жоба құжаттарында қаралмаған жұмыстарды өз жауапкершіліктеріне алған. Мәселен, көпқабатты тұрғын үй аулаларына орындықтар орнатып, ауланы қоршау жұмыстарын жүргізуде, – делі қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Біржан Данабаев.

Негізгі үйді жаңғыртудан өткізу үшін тұрғындардың белсенділігі қажет десек те болады. Өйткені бағдарлама талаптарына сәйкес ең алдымен тұрғындардың 3/2 бөлігінің



келісімі, яғни 70% қол қойылған құжаттары жинақталып, жоба-сметалық құжаттары әзірленеді. Бұл ЖСК әзірленген соң облыстық немесе республикалық бюджеттік бағдарламаларға ұсынылып, қолдау тапқаннан кейін тұрғындар тарапынан құрылыс монтаж жұмыстарын жасауға мердігер мекемелер таңдалады. Сонымен қатар тұрғындар арасынан белсенді топ мүшелері сайланады. Сайланған белсенді топ мүшелері жасалып жатқан жұмысты қадағалайды. Тұрғындар арасынан туындаған сын-ескертпелерді мердігерге жеткізіп, орындалған жұмыстардың қабылдау актілеріне қол қояды.

Мақаланың әлқиссасында Қызылорданың күн санап құлпырып келе жатқанын айтқан болатынбыз. Бұл сөзімізді қала тұрғындары да, Қызылордаға келген қонақтар да растауда. Біз өз кезегінде қаланың көрікті жерлерін тамашалап жүрген жерлестерді әңгімеге тартқан болатынбыз. «Әзім Сыр елінің тумасымын. Қазір Нұр-Сұлтан қаласында тұрамын. Қызылорда

мүлде бөлек қалаға айналған. Зәулім үйлер бой көтерген. Қызылорданың бүгінгі келбетін көріп сүйсініп жүрмін», – делі Досхан Сынабаев есімді азамат. Ал Сәрсенбай Аманбайұлы атты қала тұрғыны өзінің Қызылордада тұратынын мақтан тұтатынын жеткізді. Мұны Сыр бойындағы әсем қаланы жақсы көретін әрбір жанның сөзі деп білдік.

Тәуелсіздік жылдары облыс аумағында 300-ден аса білім беру және денсаулық сақтау нысандары салынды. Қазіргі заманға лайықталған соңғы үлгідегі технологиялармен жабдықталған медициналық, диагностикалық және қайта сауықтыру орталықтары бой көтерді. Үш ауысыммен оқытылатын мектептер азайды. Аудандарға да ерекше көңіл бөлініп отыр. Осының өзі «Тәуелсіздік жылдарындағы жетістікті бір ғана Қызылордадан көруге болады» деген Елбасы сөзінің айғағы іспетті.

Әзіз ЖУМАДІЛДӘУЛЫ

■ ҚАЛА ТЫНЫСЫ

Сырдария өзенінің сол жағалауында қарқынды тұрғын үй құрылысы басталғалы қоныстануға ниетті азаматтардың қатары артты. Екі жыл ішінде 64 көпқабатты тұрғын үй құрылысы басталып, бүгінде соның 49-ы пайдалануға берілген. Екі мыңнан астам қызылордалық жаңа аумақтың тұрғыны атанып, қуаныш та еселенді. Алайда қыс таяған сәтте тұрғын үйдің жылу мәселесі маз емес деген шағын мен наразы пікір көбейгені белгілі. Туындаған мәселені реттеу үшін сала мамандары жылу жүйелерін тексерді.

ЖЫЛУДА АҚАУ ЖОҚ ПА?



2018 жылы сол жағалаудағы тұрғын үйлерді жылумен қамтамасыз ету мақсатында «Ария Жаңа Астана» ЖШС автономдық қазандықтың құрылысын бастаған болатын. Биыл жоба сәтті аяқталып, модульдік жылу қазандығы арқылы сол жағалау аумағында орналасқан 32 көпқабатты тұрғын үй мен 2 әлеуметтік нысанға жылу жетті. Ал кейбір тұрғындар болса жылудың қосылмағанына алаңдап, тиісті мекемеге шағымданған еді.

Сол жағалау тұрғын ауданындағы №47 және 48 көпқабатты тұрғын үйдің

жылу жүйесінде орын алған ақауды қайта қалпына келтіру жұмысы жүргізілген. Сала мамандары әрбір үйді тексеріп, түсіндірме жұмысын жүргізді.

Тиісті шараны дер кезінде қолданып, шапшаңдық танытқан мамандарға тұрғындар да алғысын білдірді.

– Баспанам ауыз су, ыстық су келіп, жылы болуы үйді жайлы, көңілді тоқ етеді, – деді көпбалалы ана Айдана Молданазарова.

Ерсін БАЛТАБЕКҰЛЫ

Өткен аптада облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың қатысуымен кезекті облыстық мәслихат сессиясы өтті. Күн тәртібінде 4 мәселе қаралды. Сессия отырысында аймақ басшысы билігі экономикалық жағдайға тоқталды.

ҮНЕМДЕЛГЕН ҚАРЖЫ КЕРІ ҚАЙТАРЫЛАДЫ



– Тұрақты табыс пен халықтың өмір сүру сапасы – біздің ең маңызды басымдықтар болып қала бермек. Осы жылға арналған «Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасы аясында жалпы сомасы 40,1 млрд теңгеге 291 инфрақұрылымдық жобаны жүзеге асыру көзделген. Бұл 10 мыңнан аса адамды жұмыспен қамтиды.

Биыл облыста 1946 пәтерлік 98 көппәтерілі тұрғын үй салынууда. Оның 969 пәтерілік 74-і жыл соңына дейін пайдалануға беріледі. Өткен жылы Байқоңыр қаласында «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша 30 жылда алғаш рет 250 пәтерлік бес тұрғын үй салынып, тұрғындар игілігіне берілді. Кезекте тұрған 1300-ден астам қазақстандықтқы ескере отырып, Байқоңыр қаласында тағы да елу пәтерлік 5 үйдің құрылысын 2021 жылы бастау туралы шешім қабылданды. Бүгінде облыс халқының 97 пайызы орталықтандырылған сумен қамтамасыз етілген және халықтың 63 пайызы табиғи газды тұтыну мүмкіндігіне ие, – делі облыс әкімі.

Облыста 498 шақырымнан астам көлік жолдары, көшелер мен көпір өткелдері жөндеді. Әлеуметтік салада 30 әлеуметтік нысанның құрылысы аяқталды. Денсаулық сақтау саласында аудандық орталық ауруханалар салу мәселесі шешілген. Аймақта ковид індеті күшейген жағдайда 3200 инфекциялық төсек-орын 21 стационарда дайын.

Алдағы 10 күндікте 200 орындық модульдік жұқпалы аурулар ауруханасын пайдалануға беріледі деп күтілуде. Медициналық ұйымдар 682 оттегі концентратормен, 244 ИВЛ және 60 рентген аппаратымен жабдықталған. Спорт саласында «Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасы аясында 22 жоба іске асты. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында 5 дене-шынықтыру кешені салынды.

Қашықтан оқытуға қажет мектеп теңгерімдегі 14 мыңнан астам компьютер оқушыларға берілді. Бюджет қаражаты мен демеушілер есебінен 27 мыңға жуық компьютерлік техника сатып алынды, олар тұрмысы төмен отбасының балаларына табысталған.

2019 жылы агроөнеркәсіптік кешеннің негізгі капиталына 7 млрд теңге инвестицияланды, биыл тек 10 айында көрсеткіш 10 млрд теңгеден асты. Бұл ретте ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорты шамамен 11 пайызға өсті, оның ішінде 98 пайызы қайта өңделген өнім екенін айта кеткен жөн.

Биыл өңірдің 2023 жылға дейінгі экономикалық карта қабылданды. Оның аясында экономиканың түрлі саласында 265 жобаны іске асыру жоспарланды.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша облыстық бюджеттің түсімдерін 1 625 358 мың теңгеге ұлғайту жоспарланса, 2020 жылға арналған облыстық бюджеттен бюджеттік бағдарлама әкімшілерінен үнемделген және пайдаланылмаған қаржылар қысқартылуда. Қысқартылған қаржы облыстық саулет, құрылыс және қала құрылысы, ауыл шаруашылығы, жұмылдыру дайындығы, қаржы басқармаларына қайта бағытталуда. Сонымен бірге облыстық денсаулық сақтау басқармасының бюджеттік бағдарламасына ішінара өзгерістер енгізілуде. Осы өзгерістерге сәйкес аймақтағы жалпы бюджеттің көлемі 328,5 млрд теңгені құрап отыр.

2019 жылдың наурыз айында облыстық цифрлық технологиялар басқармасы «Қызылорда облысының мемлекеттік органдарға талшықты-оптикалық байланыс желісін тарту» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы аясында «Қазақтелеком» АҚ Оңтүстік өңірлік телекоммуникация дирекциясымен келісім-шартқа отырған. Жоба аясында биыл сәуір айына дейін 77 мемлекеттік мекеме талшықты-оптикалық байланыс желісін тарту арқылы жоғары жылдамдық интернет жүйесімен қамтамасыз етілді. Жоғарыда аталған жоба бойынша қала және аудандық ветеринария бөлімдері жабылуына орай оптикалық байланыс желісіне қосылған нүктелері азайып, үнемделген қаржыны облыстық бюджетке қайтаруға ұсыны берілді.

Ақтоқын НҰРЛЫБАЙҚЫЗЫ

■ ОҚЫРМАН ХАТ ЖАЗДЫ

ҚАЙДА БАРЫП, КІМГЕ АЙТАМЫН МҰҢЫМДЫ?



«Елу жылда ел жаңа» демекші, қалаға бірнеше жаңа аумақ қосылып, Қызылорда жыл артқан сайын көркейіп келеді. Сырттай қарасаныз, келген қонағын төрде күтетін қазақшылықтың қаймағы сақталған шырайлы шаһар. Әйткенмен шағын қаланың шешілмей тұрған мәселесі аз емес.

Өткен аптада редакциямызға оқырмандарымыз хат жолдады. Олар – «Эдельвейс», «Орбита», «Өркендеу» саяжайларының бір топ тұрғыны. Бірталай жылдан бері саяжай мәселелерін көтеріп, жан-жаққа өтініш білдірсе де оң нәтиже шықпаған. Өздерінің айтуынша, тіпті ешбір санакта жоқ көрінеді. Ендігі үміттері – біздің редакцияда. Ал кез келген оқырманның үміт-тілегі біз үшін маңызды.

2 БЕТТЕ

ГАЗЕТТЕ ТЕКТІЛІКТІҢ ТАБЫ БАР

4 БЕТТЕ

ҚАЙДА БАРЫП, КІМГЕ АЙТАМЫН МҮҢҒЫМДЫ?

ХАТТЫ АЛЫП, ЖОЛҒА ШЫҚТЫҚ

Мән-жайды білу мақсатында жоғарыда аты аталған елді мекендерді аралауды жөн көрдік. Қаланың іргесінде Шіркейлі каналының жағалауына жақын орналасқан Сұлтантоғай деп аталатын өңір бар. Міне, «Эдельвейс», «Орбита», «Өркендеу» бау-бақшалары осы өңірге қарайтын көрінеді. Тіпті бұл атауларын да халық өздері қойып алған деседі. Өйткені ресми атауы жоқ. Жалпы саяжай жақсы жерде орналасқан. Мына жағында Тұңғыш Президент саябағы көрініп тұр. Бірақ осындай үлкен саябақтың жанындағы саяжай тұрғындарының тұрмысы жаңа бағты.

тат басқан суды ішкісі келеді дейсіз. Өйткені пайдаланған жерасты суы сапасыз болып шығады. Ал осы кезде саяжайлықтар қаладан водовозбен су алдыртуда. Биыл жаздан бері су тасушы көлік келіп, елді мекен тұрғындарына су құйып кетіп жүр.

– Алайда темір цистерна болғандықтан сарғайған судан құтыла алмай отырмыз. Мысалы, менің үйіме жеткенше таусылуға жақын қалған судың түрі үнемі сары болып шығады. Өйтеуір таза гой деп ішуге мәжбүр боламыз, – деген ойын ортаға салды «Өркендеу» саяжайының тұрғыны Ағайша Нұрғалиева.

Осылайша «көгілдір отын» мен таза ауыз суды армандаған тұрғындар пілөкпен, пешпен «дос» болып жүр. Енді қайтпек керек?

жарық орнатылса деген тілегіміз де бар. Оқушылар онлайн түрінде оқып жатыр. Егер мектепке баратын болса, қатынауы қиындай түспек. Айта берсек, мәселе жеткілікті. Бірақ ешқайсысы да орындалып жатқан жоқ, – деді зейнеткер Үміткүл Сералиева.

СҰРАК КӨП, ЖАУАП ШЕ?

Осыдан екі жыл бұрын БАҚ өкілдері мына жаңалықты қуана, жарыса жазған едік.

«Қызылорда қаласы бас жоспарына өзгерістер жасалуына



САНАҒЫ ЖОҚ САЯЖАЙЛЫҚТАР

«Эдельвейс» пен «Өркендеу» елді мекендерінің ортасын бір асфальт жол бөліп тұр. Асфальт деген аты ғана. Бұған кейінірек тоқталамыз.

Екі жақта жаңадан үйлер салынып, жыл сайын аумағы кеңейіп, қоныстанушылар қатары көбейіп келеді. Тұрғындарының айтуынша, әлі күнге дейін халық санағы жүргізілмеген. Бұл жақта кімдер тұрады, қалай тіршілік етеді? Мәселенің мәнісі осында жатыр.

ПІЛӘКТИ, ПЕШТИ «ДОС» ЕТКЕН

Жол үстінде келе жатқанда кәдімгі пілөкпен су тасып, отын жарып жатқандарды көзіміз шалды. Мұндай көріністі көргенде балалық шағымыз еске оралғандай болды. Иә, біздің кішкентай кезімізде үлкендер құдықтан су тасып, пешке от жағатын. Ал қазір тұрмыс түзелді, заман өзгерді. Қалаға ауыз су да, «көгілдір отын да» келді. Сөйтіп пілөк пен пешті ұмыттық емес пе...

Алайда мұндағы жай тым бөлек. Саяжай тұрғыны, зейнеткер Құнахмет Жұбатовтың күнделікті тірлігі су тасып, от жағумен басталады.

– Өзім отбасыммен Қазалы ауданынан көшіп келдім. Осы уақытқа дейін мұғалім болдым. Қазір зейнетке шықтым. Бірақ күндегі тірлік осындай. Қала деген аты болмаса, сол ауылдағы шаруамды жасап жүрмін. Азыммен айдаладан отын тасимын, оны жарып, пешке жағамын. Көмірдің бағасы да қымбат. Төрт тоннасын 75 мың теңгеге алдым. Қыстан шығамын дегенше 10 тоннадай көмір керек.

Суға келсек, ол да мәселе. Күні бүгінге дейін қоғамдық көлікпен қаладағы дүкендерден 5 литр 50 теңгеге сатып әкелетінін. Бір барғанда 200 теңгеге сатып алып жүрмін. Үйде қаншама адам бола тұра, ішер суды үнемдеген қиындау екен, – деді Құнахмет аға.

Ауыз суды сатып алмасқа амалы жоқ. Неге десеніз, кім сарғайып кеткен немесе

Басы 1-бетте

БАЙЫРҒЫ ТҰРҒЫН БЫЛАЙ ДЕДІ

Саяжай ішін аралап жүрген кезде осы елді мекенде бұрыннан тұратын 63 жастағы Үміткүл Сералиева апамызды кездестірдік:

– Өзім зейнеткермін. Менің тұрып жатқаным 15 жылдан асты. Өке-шешем де осы жақта 40 жылдай тұрған. Басты мәселе – ауыз су. Сол кездің өзінде олар жерден құдық қазып, ащы су ішті. Ал біз тасып немесе дүкеннен сатып алып ішеміз. Одан кейінгі керегі – «көгілдір отын». Қала газға көшті. Біз жаққа әлі жетпей жатыр, – деген мәселесін жеткізді ақ жаулықты ана.

ДЕПУТАТ «ЖОҒАЛЫП» КЕТТІ

«Не әкіміміз, не депутаттымыз, не өзіміз тіркеуде жоқпыз. Өйтеуір өз күнімізді өзіміз көріп келе жатқан иесіз елді мекенбіз» деген өкпелерінің білдірді бір топ тұрғын. Расында да қиын-ақ... Емханаға тіркелуге барған саяжайлықтардың айтуынша, «Эдельвейс» деген атау мүлдем жоқ болып шығыпты. Содан «Еңбекші» елді мекені арқылы №3 емханаға тіркелуге тура келген. Емхана демекші, жедел жәрдем шақырудың өзі әжептәуір мәселе. Біріншіден, мекен жай дұрыс емес. Яғни санақта жоқ. Екіншіден жол нашар.

– Қайбір жылдары «Арай» саяжайы арқылы депутат тапқан болатынбыз. Ол осы жақтың 6 көшесіне тас төсеп беремін деп уәдесін берді. Бірақ уақыт өте уәде де, депутат та жоқ. Сол күйі «жоғалып» кетті. Талай әкімнің қабылдауында болып, мәселемізді жеткіздік. Басшылар тапсырма береді, ал нәтиже жоқ. Әкім тапсырмасын қадағалап, орындап жатқан жанаушы жанды көрмедік, – деді Жалағаш ауданынан көшіп келген тұрғын.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК ҚАЙДАСЫҢ?

Маршруттағылар да тегіс көшемен жүргісі келеді. Олар да «Эдельвейс» пен «Өркендеу» бөліп тұрған жолды жақтырмайды. Өйтеуір қатынауды үзіпті. Бастапқыда бұл жаққа №2 қоғамдық көлік қатынаса, кейін №3 маршрут келе бастаған. Бірақ карантин кезі басталғаннан бері мүлдем қатынауды қойған. Жеке көлігі барлар онша қинала қоймас, ал жаяу жүргіншілер Тұңғыш Президент саябағына дейін жаяулатып, әрмен қарай басқа көлікті күтуге мәжбүр.

– Жол нашар болған соң маршрут келмей жатыр. Кейде таксимен келсек, жарты жолдан түсіріп кетеді. Оған қоса жалғыз көшеміз қараңғы, түнде балаларымыздың жүруіне қиын. Түнгі

байланысты қала іргесіндегі «Сабалақ», «Эдельвейс», «Орбита» саяжайлары қала аумағына енгізіледі. Бұл жайында қала әкімі Н.Нәлібаев қалалық мәслихат депутаттары алдындағы есепті кездесуінде айтқан болатын. Ендігі кезекте аталған аумақтарда инженерлік инфрақұрылымды дамытуға жол ашылмақ. Оған жергілікті бюджеттен қаржы қарастыруға мүмкіндік туады. Бұрынғы жылдарда мұндай істерді атқаруға болмайтын. Өйткені олардың мәртебесі саяжай есебінде саналып, қазына қазанынан қаржы бөлуге негіз жоқ еді.

АШЫНҒАННАН ШЫҒАДЫ АЩЫ ДАУСЫМ...

**Әкім біз жаққа бір келсе екен...
Бұл – «Эдельвейс», «Өркендеу»
саяжайлары тұрғындарының өтініші.
Олар облыс, қала әкімдерін шақырып
отыр. Қонаққа емес, әрине... Өйткені
мұндағы мәселе шаш-етектен.
«Ашынғаннан шығады ащы даусым»
демекші, жан-жаққа арызданып,
құр уәдеге қарық болған
халық осындай тілегін де
жеткізді.**

Бұған дейін онда өмір сүріп жатқан тұрғындар тарапынан жол, ауыз су, жарық мәселесі жиі көтерілетін, – деп қарапайым халық үшін қуанғанымыз рас.

Алайда нәтиже бәріміз күткендей болмады. Өйткені «баяғы жартақ сол жартақ» дегендей, саяжайлықтардың тұрмысы түзелмеді, мәселе шешілмеді. Сонда есепті кездесуде айтылған уәде қайда қалды? Берілген ақпарат жалған болғаны да? Кім-кімді алдады? Сонымен саяжайлар қала аумағына қосылды ма, қосылмады ма? Сұрақ көп, жауап жоқ... Бұдан кейін қарапайым халық шенділерге қалай сенсін? Керек десеніз, олар әкімнің халыққа беретін есепті кездесулерінен де шақырусыз қалады екен. Себебі белгілі. Санақта жоқтың аты жоқ деген осы...

ТІЛШІ ТҮЙІНІ:

Біздің байқағанымыз, бұл жақта тұратындардың көбі үлкен кісілер екен. Зейнет жасында су тасып, сапасыз ауыз су ішіп, пешке от жағып бейнетпен жүрген бейнесін көргенде жанымызға ауыр тиді.

XXI ғасырда өркендетке қарай бет бұрған шақта біздегі ахуалдың осындай болғаны өкінішті-ақ... Алға қадам басудың орнына артка кетіп барамыз. Ауыз толтырып, мақтануға дайынбыз. «Мынадай қаржыға қыруар тірлік бітті» деп. Есепке келгенде еріксіз бәрекедді дегіміз келеді. Бірақ өтпеген-аймығы әлі көп. Егер шыншадса, сол жағалауға жаңа қала салған билікке саяжайдағы мәселелерді шешу тұқ те емес...

Қалада атқарылып жатқан жұмыс аз емес. Бірақ саяжайдағы тұрғындар да газы бар жылы үйде, таза, сапалы ауыз су ішіп, түзу әрі жарық көшемен жүруді қалайды.



Редакциядан: Біз саяжай тұрғындарынан түскен өтініштің көшірмесін қала әкімдігіне жолдаған едік. Тіпті мамандардан жауап та келді. Хатта көрсетілгендей алдағы уақытта аты аталған саяжайларда бірқатар мәселе оң шешімін табады деген сенімдеміз.

Сол себепті қалалық ішкі саясат бөлімінен келген хаттың мәтінін қоса жариялап отырмыз.

«Ақмешіт апталығы» газетіне қала іргесіндегі «Эдельвейс», «Орбита», «Өркендеу» саяжайларының тұрғындары тарапынан көтерілген мәселеге қатысты төмендегіні хабарлаймыз.

Ағымдағы жылы Эдельвейс саяжайының кіре беріс жолына түнгі жарық шамдарын орнату үшін мемлекеттік конкурс жарияланды. Сондай-ақ автомобиль жолдарына жоба сметалық құжаттары әзірленіп, 2021 жылы аталған жұмыс жүргізілетін болады.

«Өркендеу», «Орбита» саяжайларындағы жол мәселесі және абаттандыру жұмыстары бойынша ұсыныс назардан тыс қалған емес. Жол жөндеу және абаттандыру жұмыстарына қажетті қаражат көзін қарастыру мақсатында бюджеттік өтінім ұсынылып, қажетті қаражат қарағанда тиісті жұмыстар кезең-кезеңімен орындалады.

Қызылорда қаласы жеке тұрғын үй секторын инженерлік инфрақұрылымды дамыту мақсатында 2020 жылы «Болшақ», «Эдельвейс», «Орбита», «Еңбек» саяжайларына жоба-сметалық құжаттамаларын әзірлеуге қаржы бөлініп, қазіргі таңда жоба сметалық құжаттамалар әзірленуде. Құжаттар толық дайын болған жағдайда құрылыс жұмыстарына бюджеттік өтінім тапсырылып, жоба кезең-кезеңімен орындалады.

Сондай-ақ «Эдельвейс» саяжайына №3 қоғамдық көлігі қатынауда. Дегенмен пандемия жағдайына байланысты жеке кәсіпкерлер тарапынан жол қызметінің ақталмауына байланысты қоғамдық көліктердің басым бөлігі сатылуда. Сол себепті қатынайтын көліктердің саны азаюда. Дегенмен қала әкімдігі тарапынан аталған мәселе бойынша «Қызылорда автобус паркi» ЖШС-на кемшілікті қалпына келтіруге бойынша тиісті тапсырма берілген.

С.АБДУКАДИРОВ,

қалалық ішкі саясат бөлімінің басшысы

Өздері өмірден өтсе де артында өшпес із қалдырған жандар болады. Соның бірі – Сыр бойында ұстаздық ұлы жолды дәріптеп, бала тәрбиелеу жолында бар саналы ғұмырын сарп еткен мәртебелі маман несі Смағұл Ысқақов.

ПАРАСАТТЫ ПЕДАГОГ



Ол бар саналы ғұмырын ел мүддесіне арнаған өзіне жүктелген міндеттерді адал атқарып, көпшіліктің құрметіне бөленген азамат. Қызметтес әріптестері Смағұл Ысқақовтың есімін ұрпақ жадында ұмыт болмауы үшін өзі тұрған үйінің қабырғасына ескерткіш тақта орнатты. Қызылорда қаласы мен Қармақшы ауданында бір-бір көшеге оның есімі берілді. Сонымен қатар Қызылорда қаласындағы құрылыс мамандарын даярлайтын оқу орны Смағұл Ысқақов атындағы «Құрылыс және бизнес» колледжі деп аталады. Бұл өміршең тұлғаның мәңгілік бейнесін айғақтап тұрған тәрізді.

Ширек ғасырға жуық атқарған қызметі мен өмір жолы кәсіптік-техникалық білім беру саласымен тығыз байланысып жатыр. Аймақта білікті мамандар даярлайтын кәсіптік-техникалық білім беру саласына үлкен үлес қосты. Осы салада ұзақ жылдар басшылық қызметте жүріп, мыңдаған шәкіртке ұстаз атанды.

Смағұл Ысқақов 1919 жылы 15 шілдеде Қызылорда облысы Қармақшы ауданында дүниеге келген. Жастайынан қолхоз шаруашылығында жұмыс істеп, кейіннен «Құмжарған» жер серіктестігінің мүшесі болып, еңбекке ерте араласты. 1935 жылы 16 жасында Қызылорда қаласындағы Кеңес сауда техникумына түсіп, оны 1939 жылы үздік бітіріп шыққан. Техникумды бітірген соң әскер қатарына алынып, Қиыр Шығыста қызмет етеді. Ұлы Отан соғысы басталған кезде Сталинград шайқасына қатысып, ерлікпен көзге түсті. Қатардағы солдат, дивизия және артиллериялық бригада бастығы болды. 1946 жылы әскер қатарынан елге оралып, Қазақстан ЛКМ Орталық комитетінің әскери бөлім меңгерушісі қызметін абыроймен атқарды. 1948-1950 жылдар аралығында Қазақстан компартиясы Орталық комитетінің жанындағы екі жылдық партия мектебін оқып бітірді. Содан соң облыстық партия органдарының бөлім меңгерушісі, партиялық комиссия төрағасы қызметтерінде жұмыс жасады.

1963 жылы облыстық кәсіптік-техникалық білім беру басқармасы Шымкент аймақтық басқармасынан бөлініп, облыста 4 кәсіптік-техникалық училище, бір құрылысшылар мектебі болды. Осы басқармаға басып болып тағайындалып, 1983 жылға дейін үздіксіз басқарды. Сол жылдары өзінің ұйымдастырушылық, еңбексүйгіштік қасиеттері арқасында облыстағы кәсіптік-техникалық училищелердің материалдық-техникалық базаларының нығайтуына және оқу-тәрбие жұмыстарының, жас жұмысшы кадрларды даярлау сапасының артуына көп еңбек сіңірді. Оның тікелей бастамасымен 8 жаңа жобамен училищелер салынды. Нәтижесінде 1985 жылы облыста кәсіптік-техникалық училищелер саны 18-ге, оқушылар саны 12 мыңға жетті. Жас жұмысшылар даярлайтын алдыңғы қатарлы кәсіптік-техникалық колледж жүйесі жасалды.

Смағұл Ысқақов қызмет істеген жылдары облыстық кәсіптік-техникалық колледжінің бірқатар өндірістік оқыту шеберлері Кеңестер одағының озаттары және үздіктері атағына ие болды. Қазалы ауданындағы №5 кәсіптік-техникалық училище Бүкілодақтық Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты атанды, сонымен қатар Қызылорда қаласындағы №58, 69 және Қазалыдағы №8, Жаңақорғандағы №187, Сұлутөбедегі №120 училищелер Кеңес одағының бірнеше дүркін ауыспалы «Қызыл Туының» жеңімпазы атанды.

С.Ысқақовтың соғыс жылдарындағы және бейбіт өмірдегі еңбегі лайықты бағаланып, бірнеше орден, медальдармен марапатталды.

Бақыт ЖОЛШОРАЕВА,

Айсұлу ӘБШОВА

Құрылыс және бизнес колледжінің оқыту шеберлері


Ақтолқын НҰРЛЫБАЙ

Суреттерді түсірген **Нұрболат НҰРЖАУБАЙ**

ШЫРАҒДАН



Білім беру саласы жыл санап жаңарған мазмұн, жаңа технология көмегімен алға қадам жасауда. Талабы мен талғамы өскен қоғам мектеп қабырғасында баланың теориялық білімімен қатар, практикалық білігінің де қалыптасқанын көздейді. Оған қоса, оқулықтан ғана үйретіп, ауызша талдаумен шектелетін әдістеме заманауи білім беру ісінде ескіргені қашқан. Осыған орай Қазақстан мектептерінде технологиялық игілік пен ғылыми жаңалықты алдымен мектеп оқушысына жәрдем есебінде пайдалануға күш салуда. IT құрылғылар, робот пен пәндік кабинетте жаңашылдық сезіліп, білімді жастың қатары өскен. Сыр еліндегі осындай озық ізденісті көдеге асыра білген білім ұясының бірі – Әли Мүсілімов атындағы №101 мектеп-лицейі. Білім ордасына барып, ұжымның қолға алынған жоба мен алға қойған мақсат-міндетінтерін саралауға мүмкіндік туды.



Шаһар орталығында орналасқан мектептің өңір тарихында алар орны ерекше. 2004 жылы білім ұясының тұсаукесер рәмісіне Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев арнайы қатысып, мектеп оқушыларына ақжолтай тілегін арнаған болатын. Сол бір тарихи күн қала тұрғындары есінен әлі күнге өшкен емес. Осы аралықта берекелі білім ұясынан қаншама дарын түлеп ұшып, көптеген ілкімді жобалар жалғасын тапты. Мектеп-лицей 15 жылдың бедерінде зиялы қауымның табан тірер нысанына айналып, білім мен тәрбиені қатар ұштаған шәкірттер ұстаз абыройын асырғаны анық.

БІЛІМ ОРДАСЫ ҚАУІПСІЗ АЙМАҚ БОЛУЫ ҚАЖЕТ



ОЗЫҚ МЕКТЕП

Бүгінде белді білім беру нысаны жаңа бағытқа бой түзген. Ұжым білім берудегі өзіндік қолтаңбасын қалыптастырып, мектептің материалдық-техникалық базасын нығайтуға күш салуда. Нәтиже де жоқ емес. Аула мұнтаздай таза, жеміс ағаштарымен көмкеріліп, мектептегі жылыжай мен коворкинг орталығы көңіл қуантады. Пәндік кабинеттер мен заманауи құрылғылар оқушының үздіксіз білім алуына арналған. Индеттің салқыны оқушылардың толық дәстүрлі оқуға көшуіне мүмкіндік бермесе де білім беру қарқыны бәсеңдемеген. Білім ұясының тыныс-тіршілігімен таныстырған мектеп директоры Айгүл Алтынбекқызы да ойымызды нақтылай түсті.

– Мектепте атқарылған жұмыс жетерлік. Жақында химия кабинеті жасқалды. Жаңа жоба көбейіп, қажетті құрылғылар қатары толықта. Жаратылыстану бағытындағы пәндерді тереңдетіп оқыту жүйелі жалғасын тауып келеді. Физика, химия, биология пәндерін ағылшын тілінде өту үшін мұғалім мен оқушының тілдік деңгейін көтеру ісі де сәтті жүргізілді. Өткен жылы робототехника кабинетін жабдықтау бойынша 10 робот, 25 жаңа компьютер алынды. STEM кабинеті жасқалып, оқушылардың IT саласының қыр-сырын үйренуіне мүмкіндік жасалған болатын. Сонымен қатар коворкинг орталығын ұйымдастыру – биылғы біткен онтайлы істің қатарында. Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтің «Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт» жобасы аясында жүзеге асқан бастама оқушылар үшін үлкен қолдауға айналған еді. Мұнда музыкалық аспаптар, кітаптар мен үстел ойындарына арналған құралдар толықтырылып, тегін Wi-Fi желісі іске қосылды. Коворкинг орталығы аясында арнайы оқырмандар клубы ұйымдастырылып, оқушылар апта сайын оқыған кітаптары туралы өзара пікір сайыс жүргізуге мүмкіндік алды. Шәкірттермен қатар ата-аналар да отбасымен кітап оқу үрдісінде белсенділік танытуда. Нәтижесі жаман емес. Оқырмандар клубы оқушыларды қалта телефон тәуелділігінен арылтып, тілдік шеберлігін арттыруға жәрдемдесуде. Өз кезегінде мұндай жетістіктерді мектептің әлеуметтік желідегі парақшасында кеңінен насихаттауды қолға алдық, – деді мектеп басшысы.

Барды ұқсата білу де тәжірибемен келетін құнды қабілет екені даусыз. №101 мектеп ұжымы да аталған қағиданы тағы дәлелдей білді. Ұстаздар 624 орынға шақталған мектепте 2250 баланы оқыту арқылы келенсіздікті еңсеріп, саналы білім, өнегелі тәрбие беруге тырысуда. Оқушы

санының басым болуы салдарынан екі мезгіл білім беру үрдісі қалыптасқанымен, сапа деңгейін төмендетпеу назарға алынып келеді.

Ұстаздар құрамы да осал емес. Мектеп мұғалімдері білім беру саласына қосқан үлесі үшін облыс, қала әкімінің арнайы грант иегері атанған. Оған қоса Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің профессорларымен бірлесе жұмыс істеуі өз жемісін беруде. ЖОО ғалымдары оқушыларды пәндік олимпиадаға дайындауға, ғылыми жоба қорғауға үлес қосып келеді.



ЖЫЛЫЖАЙ ІСІ

Бұл мектеп жылыжайымен де мақтана алады. Көктемде бой көтерген жаңа нысан оқушылардың ғылыми жобаға әзірлігін шыңдау үшін таптырмас ресурсқа айналған. Бүгінде жылыжай екінші өнімін беріп үлгерген. Келер жылдың ақпан айында үшінші мәрте бөлме гүлдері мен бақша дақұлын ету жоспарлануда. Мектеп мұғалімдеріне ғылыми тұрғыда қолдау білдіруге жерлікті ғалымдар қол ұшын беруге асық. Мысалы, Рахат Құрманбаев, Салтанат Ибадуллаева секілді Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің профессорлары оқушылармен бірлесе сәтті бастаманың канат жаюына күш салып келеді.



Білім сүйенісін сабақта

Алдағы жоспар, жылыжайды «ақылды жылыжай» режиміне ауыстыру. Бұл мақсатта оқушылар жүйелі жұмыс істеуді бастаған. Қажетті құрылғылар толық жеткізіліп, аз уақытта жаңа тыныс ашылар сәт жақын. Егер ізденіс сәтті аяқталса, жылыжайдың суғару, жарықтандыру ісін автоматтандыру іске асатын болады.

«ЖАСЫЛ МЕКТЕП» – ЖАҢА ЖОБА

Табиғатты аялау, экологияны оңалту ерте жастан дағдыланар әрекет екені даусыз. №101 мектеп-лицей ұжымы болса бұл



межені ертеден бастағаны білінеді. Бүгінде білім ұясы Сыр өңірінде алғашқылардың бірі болып «Жасыл мектеп» жобасын жүргізуде. Өзге өңірлерде жемісін берген жарқын жобаны енгізуге талпынудың негізгі мақсаты табиғатты аялау, балаларды баламалы қуат көзін пайдалануға баулу екені анық. Осы мақсатта мектеп ішінде қоқыстарды сорттап бөлуге арналған қоқыс жәшіктері орнатылған. Онда оқушылар қоқысты бөлек-бөлек екіпесті тастауға дағдыланады. Мектеп басшысының сөзінше, «Ибраһим и К-ЛТД»

ЖШС-мен бірлесе жұмыс жасау арқылы жобаны жетілдіру жолға қойылған. Сонымен қатар жыл аяғына дейін күн көзінен қуат алатын лампа орнату жобасы да жүзеге аспақ. Аталған бастама жемісін берсе, мектеп ауласы күн энергиясы көмегімен жарықтанып, оқушылардың экологиялық сауаты артады деген сөз.

Мұнда бала қауіпсіздігі де назардан тыс қалмапты. Мектеп директоры мектепке бейнебақылау орнату жұмысы басталғанын жеткізіп, аталған қадамның қоғам өміріне әсерімен бөлісті.

– Оқушы үшін мектеп ең қауіпсіз аймаққа айналуы қажет. Сонда ғана ата-ана алаңсыз болады, оқушы назары өзге арнаға аумады. Білім беру ісіндегі керекті қағида да осыған сәйкес келеді. Сондықтан мектеп ауласы мен мектеп ішіне бейнебақылау орнатуы қолға алдық, – деді Айгүл Алтынбекқызы.

ОҚУШЫ ЖЕТІСТІГІ – ҰСТАЗ МӘРТЕБЕСІ

Мектептегі білім беру ісінде ілгерілеушілік байқалады. Өткен жылы ҰБТ нәтижесі бойынша көрсеткіш 91,4 процентті құрап, 7 алтын белгі иегері мен 50 мемлекеттік білім грантының иегері шыққан болатын. Биыл білім ұясын аяқтаған 77 оқушының, 51-і мемлекеттік білім грантын еншілеген. Оның 11-і «Алтын белгі» иегері.

Оқушылар халықаралық, республикалық жарыстарда топ жарып, ұстаз мәртебесін асқақтатып келеді. Мысалы, 2019 жылы физика пәнінен өткен халықаралық ғылыми жобалар байқауынан Айшат Ырысбай қола медаль иегері атанса, Нұршайық Әкім Корея республикасында өткен ғылыми жобалар сайысында жүлделі үшінші орынмен оранды. Мектеп оқушысы Әйгерім Махамбетқали АҚШ-та білімін жетілдіруге мүмкіндік алды. Сондай-ақ Елдос Төлепберген есімді 11 сынып оқушысы «Елбасы медалі» бағдарламасына қатысып, қола медалді еншілеген.

P.S. Ұстаз бен шәкірт үндестік тауып, әлемдік үрдісті бірлесе танығанда ғана білім беру ісінің өрістері белгілі. Әли Мүсілімов атындағы №101 мектеп-лицейі ұжымының алған бағдары мен таным биігі осы қағиданы басты мұрат ету арқылы жаңа кезеңге қадам басуда. Биікті бағындыруды арман еткен білім ұясы әлі де таң қылар талант пен білімді жастың тұсауын кесеріне сенімдіміз.

Е.БАЛТАБЕКҰЛЫ
Суреттерді түсірген Н.НҰРЖАУБАЙ

ГАЗЕТТЕ ТЕКТІЛІКТІҢ ТАБЫ БАР



Адамзат баласы әуелде жаратылғаннан сөз арқылы тәрбиеленіп жетілді. Кіесін ұғынып, қадірін түсінді. «Жақсы сөз – жан азығы» екені ежелден мәлім. Ендеше сөз арқылы өзімізді де, өзгені де түзету үшін не істемек керек. Оны қайдан, кімнен алмақ жөн. Зер салыңыз, айтайын. Сіз іздеген орамды ой, сүбелі сөз баспасөз бетінде.

Басылымның басты міндеті – оқырманға ойлы мақала ұсыну. Мұны біздің тірі жөдігеріміз десе болады. «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деген Ахмет Байтұрсынұлының жалынды сөзі бар. Бүгінгідей технология дамыған заманда ақпараттар ағыны толстар емес. Оның өткір шын айыру тіптен қиындап кеткен сыңайлы. Өйткені онда әркім ойына келгенін жазды. Оны қадағалап отырған ешкім жоқ. Сол интернетке түскен жаңалық әрі кетсе үш күн оқылар содан соң ғайып болады, яки болмаса қызығушылық төмендейді. Ал газетке жазылған мақала қанша қолдан өтіп, қанша уақыт тұрса да шынайлығын жоғалтпайды.

Сыр елінің сырласына айналған сүйікті басылымдарда қарымды қаламгерлердің қолтаңбасы қалған. Талай танымдық материалдар жарыққа шығып, жалпақ жұртшылықтың жүрегінен орын алғанын айта кету керек. Мұнда әрбір саланың мың қатпарлы иірімдері мен маңызды мәселелері дәстүрлер сабақтастығы жарияланып тұрады. Журналистер қашанда халықтың ортасында жүріп, көптің ойындағысын жазды. Замана ағымын тамыршыдай тап басып, жастарды білімге баулып, ізгілікке үндеді. Тілшілік

тіршілікті жанына серік еткен журналист еңбегі сонысымен бағалы. Олар өзгенің өмірін өзінің жан жүрегімен сезініп, көңіл сүзгісінен өткізіп барып қағазға түсіреді. Өз сөзін өзгенің аузына салып беріп, объективті өрендер осылар. Билік пен бұқара арасындағы алтын көпір. Журналистер – ел ішіндегі елеулі жаңалықтарды елеп екшеп жеткізіп жүрген жандар.

Әйгілі француз қолбасшысы Наполеон Бонапарттың «Төрт дивизия болғанша, төрт газетің болсын» деген сөзі бар. Сәл өткенге көз жіберіп қарасақ, ұлт зиялылары өз дәуірінде баспасөз арқылы халық санасын оятуға бағытталған дала қоныраушысындай болды. Олардың айтқан, жазған әрбір сөзі елдік санаға әсер етті.

«Бір Аллаға сыйынып, Кел, балалар, оқылық. Оқығанды көңілге, Ықыласпен тоқылық» Ыбырай Алтынсариннің осы өлең жолдары көп нәрсені аңартып тұрғандай. Онер де, білім де барлығы оқу арқылы беріледі. Өйткені оқудан асқан қазына жоқ. Ал бүгінде екінің бірінің қолында телефон. Жас та, жасамсыз та сонымен әуре. Құндылықтарға толы кітапқа құмартып жүргендер жоқтың қасы. Осы жағы көңілге кіршіп ұялатады. Бізге бағдар ұлтқа үлгі тұтарлық ұлылардың басты бұлағы білімде тұр. Шығыстың шежіресін, батыстың баспасөзін басына жастаңа жатып оқыды. Одан осал болған жоқ. Ойы озық, санасы сергек адамға айналды. Арғысы әл-Фараби, бергісі Әбіш Кекілбаев сөздің сөлін сығып, өмір өзегіне арқа ете білді. Бір жыл баспасөзді үзбей оқыған адам төрт жыл жоғарғы оқу орнын бітіргенмен бірдей.

Газет пен кітапты көп оқыған көзге зиян келтірмейді. Қайта көру қабілетін арттырып, мидың ішкі қантамырларының жұмысын жақсартады. Мен көбіне кітап дүкендерін аралап, өзіме қатеттілерін сатып аламын. Кейде орталық кітапханадан жаздыртып та оқимын. Кейбір кезде түн ортасына дейін кітап оқып, таңертең ерте оянамын. Соған қарағанда кітаптың адам ағзасына тигізер оң әсері болғаны ғой деп ойлаймын. Әр кітапты оқыған сайын әлемді әр қырынан танығандаймын. Осыны жас өрендерге өнеге еткім келеді.

Баспасөз – ақылды қуаттандыратын құрал. Сондықтан оқуға көп көңіл бөліп, ішкі рухани жан дүниемізді жұтандатып алмауымыз абзал.

Сүбелі сөз төл әдебиетте. Әдеби шығарманың адамға берер тағылымы терең. Оқуғанды түйсініп, алған әсерінді өмір жолына бағдар ете білу де керек. Қазіргі қаламгерлердің жазу стилінде жүйелілік жолға қойылған. «Өз бойымдағы барлық ізгі қасиеттерім үшін кітапқа қарыздармын» деген Максим Горькийдің сөзі бар. Міне, сөз деп осыны айт. «Артық білім кітапта, ерінбей оқып көруге» деп хакім Абай айтқан сөздің астарында аласармас ақиқат жатыр. Адам өмірінде ең маңыздысы – ілім алу, білім жетілдіру. Бұл жолда үлес қосатын баспасөз. Оның ішіндегі әр айттылған сөз сенің өміріңе темірқазық іспетті жол нұсқап тұрады. Бұл – адам мен баспасөздің бір-бірінен ажырамас дос екенінің айқын дәлелі.

Қазақ қай кезде де сөзге аса мән берген. Бабаларымыз «Сөз сүйектен өтеді» деп бір ауыз сөзбен салмағын саралап берген. Бұл сайып келгенде кара сөздің құнарлы екенін «Күрөңбай көз» халықтан асып айта алмайтындығының белгісі болса керек.

Баспасөз қашан да қоғам жүгін көтеріп келеді. Сондықтан болар жұрттың қаламнан бауыр нәрсе жоқ дейтіні. Оның мойнына бес атқан жауапкершілік жүктелген. Газет – ақпараттың тәрбиелік мәні һәм эстетикасы. Қазір газет оқытын оқырман елу жастан әрі асқандар мен ерекше қызығушылығы бар адамдар. Естерінде болсын, баспасөздің орнын ешқашан әлеуметтік желі ауыстыра алмайды. Газеттің өзіндік иісі болады. Ол тарихтан қалған тектіліктің табы. Ең бастысы, газет күн сайын таңертең сіздің шай үстеліңізде жатады. Тілшілеріміз де ізденімпаздық пен жаңашылдыққа ұмтылу үдерісі басым. Адам газетті қолына алған кезде ең бірінші «кеше немесе осы аптада не болды екен?» деп ашады. Одан кейін «Әлем не дейді, қоғам ше?» деген екінің ой келеді. Сонымен бірге танымдық не қызықты дүниені іздейді. Ал біздің баспасөздерде екеуі де бар.

Сайып келгенде газет руханияттың жарығын сөндірмейтін идеологиялық құрал. Өйткені газетте тектіліктің табы бар.

Серік ДҮЙСЕБАЕВ,
облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы

АСЫЛ МҰРА



Датаның дауысы – ДОМБЫРА

«Қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» деп Қадыр Мырза Әлі айтқанындай, қазақ халқы десе, ең алдымен еске түсетін атрибуттың бірі домбыра екені анық.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында жазылғандай, ұлттық жаңғыру – бұл ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту. «Ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс», – делінген мақалада.

Домбыра – шекті аспаптардың ішіндегі ең көнелерінің біріне жатады. Жалпы, әрбір қазақ үшін киелі домбыра – ұлтымыздың символы. Қазақ күйі адам жанын тебіндеті, керемет сезімге бөлейді, жүрекке бойлап, терең бойлайды. Көпшілігі қуәлігінен айыру да солай болған, бүгін де солай. Домбыра бағзы заманнан бері қазақ халқымен бірге жасап келеді. Адамдар оны қайғыда да, қуанышта да қолынан түсірмейді. Сыңғырлаған домбыраның қоңыр үні халқымыздың тарихын, салт-дәстүрі мен ұлттық құндылықтарын

ұрпақтан-ұрпаққа әуенмен жеткізіп келеді. Аталған аспап туралы қазақ ертегілерінде де, аңыз әңгімелерінде де айтылады. Ал Құрманғазы, Дина Нұрпейісова, Әлшекей Бектібайұлы, Нұрғиса Тілендиев сынды домбыраның құлағында ойнаған дөулекер күйшілердің есімдері қазақ мәдениетінің символына айналып, олардың шығармалары қазақ музыкасының жылнамасында сақталған.

Домбыраға деген қызығушылық әрі музыкалық аспаптың танымалдылығы ешқашан да тоқтаған емес. Бүгінде домбыраның құлағында ойнайтын жастар көп. Бұл қуантарлық жайт. Бұл дәстүрді сақтап, оны келесі ұрпаққа аманат етіп тапсыру біздің қолымыздан келеді.

Қазақстан тәуелсіздік алуымен бірге домбыраның да күні туғаны анық. Домбырамен күй тартып, ән салатын адамдарды осы күні төрге шығарайық. Тек осы күні ғана емес, жылдың үш жүз алпыс бес күні домбыра ұлтымыздың жүрегінде болғай. мұғалім

Жадыра ӘЛИХАНОВА,
мұғалім

ҚҰҚЫҚ ҚҰРЫҒЫ



ҰРЛЫҚ АЗАЙМАЙ ТҮР

Ұрының түрі көп. Пәтер тонаушылар, қалтаға түсушілер. Ал бұл жолы көлік оталдыратын капот ішіндегі көдімгі аккумулятор ұрланған. Ұрылардың көздегені – ауыр құрылғылар. Өйткені салмақты метал темір қабылдайтын жерде қымбатқа түседі. Құлқындарын ақша тескен олар тіпті жүріп тұрған көліктердің аккумуляторына дейін түсіріп алуға бар. Полицияның қырағалығының арқасында олар алысқа ұзамай ұсталды.

Осы жылдың 3 желтоқсанында облыс орталығында мұнай саласында жұмыс істейтін мекеме директорының ұрлық жанында арыз түскен. Арызда көрсетілгендей белгісіз адамдар серіктестіктің ғимаратынан темір торды бұзып, қызметтік



көліктердің 7 аккумуляторын және кілттер жинағын ұрлап кеткен. Жымысқылардың әрекетінен жәбірленушілерге келген шығынның көлемі 400 мың теңгені құраған.

Полиция қызметкерлері жүргізілген жедел іздестіру шараларының нәтижесінде 3 күдікті қолға түскен.

Қазіргі таңда осы дерек бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдары жалғасуда. Айта кетейік, автокөлік аккумуляторы – әжептеуір ақша тұратын бөлшек. Әсіресе жүк көліктерінің қуат көздері қымбат тұрады.

Жуырда қала орталығында орналасқан сауда үйлерінің бірінен алтын алқа ұрланды. Бұл туралы Қызылорда қалалық полиция басқармасына арыз түскен. Белгілі болғандай сауда үйінде үш дана алтын алқа ұрланған. Келген шығын 600-мың теңге.

«Полиция қызметкерлері жедел әрекет етті. Нәтижесінде бірнеше сағаттан кейін 1990 жылы дүниеге келген күдікті әйел ұсталды. «Қазіргі таңда аталған дерек бойынша ҚР Қылмыстық кодексінің 188-бабының 1-бөлігімен сотқа дейінгі тергеу басталды», – деп мәлім етті Қызылорда облыстық полиция департаментінің баспасөз қызметі. Бұдан бұрын Қызылордада мал ұрлаған 51 жастағы тұрғын ұсталған еді.

Қызылорда қаласының полиция басқармасына екі қала тұрғыны ұялы телефондарын ұрланғаны туралы арызданған.

Тексеру барысында 2 желтоқсан күні «Сұлтан» сауда үйінің төменгі қабатында тоқ көзінде тұрған «Redmi 7A» және «Самсунг А10» маркалы ұялы телефондарын белгісіз біреулер ұрлап кеткен.

Іздестіру шаралары барысында және полиция қызметкерлерінің кәсібилігінің арқасында ізін суытпай 41 жастағы бұрын сотты болған әйел телефон ұрлығы бойынша күдікті ретінде ұсталды. Тексеру барысында бұл күдікті азаматша бір мезетте осы екі ұрлық дерегіне қатысы бар екені анықталған.

Қазіргі таңда ол уақытша ұстау изоляторында, абақтыға алынды. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 188-бабының 1-бөлігімен сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдары жүргізілуде. Полициялар оқиғаның мән-жайларын анықтап жатыр.

МАС КҮЙНДЕ КӨЛІК ЖҮРГІЗГЕН

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жыл басынан бері мас халде көлік жүргізген жүргізушілерге байланысты



талаптарды қатаңдатқаны баршаңызға белгілі. Яғни бұл заңнамада көлік жүргізуші мас күйде автокөлік басқарған жағдайда оны жеті жылға жүргізуші куәлігінен айыру және 15 тәулікке қамауға алу шарасы көзделген. Десек те, бұған қарамастан арамдыда спирттік ішімдік ішіп, көлік тізгіндейтіндер азаймай тұр.

Осы жылдың 30 қарашасында облыстық полиция департаментінің патрульдік полиция қызметкерлері қала орталығындағы Шүкүров көшесінде «Мерседес» автокөлігін тоқтатқан. Тәртіп сақшылары құжаттарын тексеру барысында 27 жастағы жүргізушінің алкоголь ішіп, көлік басқарғаны анықталды. Медициналық сараптама қортындысы бойынша жүргізушінің мас күйде болғаны нақтыланды.

1993 жылғы жүргізушіге қатысты Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 608 бабының 1 тармағымен (Жүргізушінің көлік құралын алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйде басқаруы, сол сияқты көлік құралын алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйдегі адамның басқаруына беру) әкімшілік іс қозғалып, сотқа жолданған.

Қызылорда қаласы мамандандырылған әкімшілік сотында жоғарыда аталған жүргізушіге қатысты әкімшілік іс қаралып, сот шешімімен құқық бұзушы 15 тәулікке әкімшілік қамаққа алынған және 7 жылға көлік жүргізу құқығынан айырылды.

Жарасхан ҚУАНЫШБАЙҰЛЫ

БІЛІМДІ ҰРПАҚ – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ КЕЛІМІ

Бабаларымыз байырғы заманнан-ақ «білекті бірді, білімді мыңды жығады» деп кемел ұрпақты ғылым атты рухани қаруды күш қуаты мен күре тамыры ретінде пайдалануға шақырған.

Еліміздің Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев алғашқы күннен Қазақстанда білікті мамандар даярлау мен білім саласын әлемдік стандарттарға сай реформалау мәселесіне назар аударды. Тәуелсіздікті баянды етуде білімнің маңыздылығын жете түсінген Елбасы экономикалық және қаржылық қиындықтарға қарамастан осы салаға барынша қолдау көрсетті.

Қазіргі уақыт адамзат біліктілігін білекпен емес біліммен бағындыру заманы. «Болашақ – жастардың қолында» деген ұранды жиі айтып, елімізде осы мақсатта қолға алынатын жатқан жобалар аз емес. Тек оны өз керегіне қарай ске асыру біздің міндет. «Жастар» атты ұғымды естісем, Елбасының сөздері еріксіз еске түседі. Соның бірі: «Жастардың санасына нақты керек нәрсені сіңіре білу керек. Ең бастысы – адам болу, жақсы білім алу, сізден ешкім тартып ала алмайтын мықты мамандық иесі болу. Иә, ақшаны алып қоюы мүмкін, үйінді де тартып алуы мүмкін, бірақ бастағы ілім-білімді, бойыңдағы адамгершілік қасиетті ешкім тартып ала алмайды. Мен жастарды осындай болуға шақырамын, сонда өмірден аласпай өз орныңызды табаңыз». Әрине, болашақты қалыптастыру, тарихи дәстүрлерімізді жаңғыртып, дамыған алдыңғы елдердің қатарында болу жас жеткіншектерге байланысты. «Ел болым десең бесінді түзе» дейді емес пе дана халқымыз. Өсіп келе жатқан жас буынның түйсігіне түйіршіктей болсын ұғым ұялатып, оларға үлгі болу жастардың қолында.

Жазира НҮҒМАНОВА,
Абылай хан атындағы
қазақ халықаралық қатынастар
және әлем тілдері университетінің
II курс студенті

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т. Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған. Атпасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарымымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр мөлді» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4422 Тапсырыс №660

Нөмірдің кезекші редакторы Ақтолық НҮРЛЫБАЙҚЫЗЫ